

Ақтобе қаласы.

20.05. 2026 жыл

Қатысушылар:

1. Шавлетова А.К. -«Nursultan 77» балабақшасының құрылтайшысы
2. Теміргали Ш.Ж.- «Баланап» тобының ата-анасы
3. Ибраһим Қ.Е.- «Баланап» тобының ата-анасы
4. Жұмағалиева С.С.- «Ертегі» тобының ата-анасы
5. Сарман Г.Т.- «Ертегі» тобының ата-анасы
6. Аскарова А.С.-«Құлыншақ» тобының ата-анасы
7. Амантұрова Ж.Е.-«Құлыншақ» тобының ата-анасы
8. Пазлова А.К.- «Күншуақ» тобының ата-анасы
9. Жұбанышева А.К.- «Күншуақ» тобының ата-анасы
10. Л.Т.Табышева-«Nursultan 77» балабақшасының меңгерушісі

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жыл бойы атқарылған жұмыстар есебі
2. МДҰ әкімшілігінің жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларын өткізуге көмек көрсетуі.
3. Әр түрлі.

Тыңдалды.

Бірінші сұрақ бойынша: «Nursultan 77» балабақшасының құрылтайшысы Шавлетова А.К

2021 жылдың қазан айында ЖШС «Nursultan 77» балабақшасы қолданысқа берілді. Балабақшада 4 топ, барлық бала саны-75, барлық топта 75 балаға оқу-тәрбие мемлекеттік тілде беріледі. 2025-2026 оқу жылында оқу-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны-8, оның 3 (38%) жоғары білімі бар, мектепке дейінгі тәрбие мамандығы бойынша 5 (62%) педагог қызмет етеді. 1 (13%) педагогта біліктілік санаты бар, 2 (25%) педагог 2026 жылы тест тапсырып, педагог-модератор біліктілік санатына балл жинады, 2023-2024 жылдары 1 педагог, 2026 жылы 7 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Жоғары білікті педагогтер жұмыста заманауи, алдыңғы қатарлы халықаралық және республикалық тәжірибелерді қолданады. 2024 жылы «Nursultan 77» балабақшасы прокурорлық тексерістен өтті.

Материалдық-техникалық базасы.

Жоба қуаттылығы - 75 орын. «Nursultan 77» балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Басымдықтардың бірі - балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: бейнедомофон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (8 бейнекамера), күзет-орт дабылы жүйесі, қауіпсіз пәндік-кеңестік даму ортасы. Барлық топтар заманауи балаларға арналған көп функционалдық жиһаздары және ойыншықтармен жабдықталған. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыруға медициналық кабинетінде жүзеге асырылады. Балабақшада балалардың теңдестірілген 4-рет тамактануы ұйымдастырылған.

Жетістіктері: Соңғы 3 жылда МДҰ педагогтары білім беруге бағытталған 2 педагогтың әдістемелік жұмыстары облыстық жинақтан жарық көрді. Жыл сайын МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталды.

Соымен қатар, өздеріңіз куә болғандай, ата-аналардың қатысуымен жоспарланған бірнеше іс-шаралар жүзеге асырылды. Соның арқасында балабақшада сапалы білім, қауіпсіз орта және тамактану сапасы да жақсы деңгейде ұйымдастырылды. Осылайша алдағы жылда да бірлесіп жұмыс жасауға кеңес беремін.

Екінші сұрақ бойынша: «Nursultan 77» балабақшасының меңгерушісі Л.Т.Табышева

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының негізгі мақсаты -- сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, балалардың қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету және тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға

және денсаулығын нығайтуға ең тиімді жағдай жасау болып табылады. Жаз мезгілінде балалардың таза ауада болуы олардың ағзасын нығайтуға және шынықтыруға ықпал етеді, баланың дене, психикалық және эмоционалдық дамуына оң әсер етеді. Сонымен бірге жазғы кезең балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, жаракаттанудың алдын алу, санитарлық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелеріне ерекше назар аударуды талап етеді.

Балаларға арналған шараларды ұйымдастыруда әртүрлі нысандарды қолдану ұсынылады:

- квест;
- жоба;
- байқау;
- жарыстар;
- көрмелер;
- сахналық қойылым;
- фестиваль;
- концерт;
- жәрмеңкелер және т.б.

Сонымен қатар, ата-аналарды іс-шараларға қатысуға тарту, сондай-ақ ата-аналарға өз идеяларын жүзеге асыруға немесе қалауы бойынша осы іс-шараларды өздері ұйымдастыруға мүмкіндік беру ұсынылады.

Ата-аналар:

- жазғы кезеңде балаларды сауықтыру бойынша бірлескен іс-шараларға қатысады;
- балаларды шынықтыру, басқа да профилактикалық шаралардың үздіксіздігін қамтамасыз етеді;
- баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтермен әріптестік қарым-қатынас орнатуға күш салады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібінің барлық сұрақтарын талқылай отырып,

ШЕШІМ:

1. Жыл бойы атқарылған жұмыстар «өз деңгейінде» деп есептелінсін.
2. Жазғы сауықтыру шаралары өз деңгейінде ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:

Шарф Шабиев А.Р.
Шабиева А.Ш.